

ISSN: 2958-5376
ISSN-L: 2958-5376

MUSEUM.KZ



ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ЖУРНАЛ • НАУЧНО-ПРАКТИЧЕСКИЙ ЖУРНАЛ • SCIENTIFIC AND PRACTICAL JOURNAL

4(4)2023



ӘОЖ 391.745/749

ТАРБАҒАТАЙ ҚАЗАҚТАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕЛУІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ МӘСЕЛЕЛЕР**М.Қ. Егізбаева**

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті

Аңдатпа. Мақалада Тарбағатай қазақтарының зерттелуіне байланысты мәселелер туралы қарастырылған. Мақаланың басты мақсаты – Шығыс Қазақстан қазақтарының мәдениетін зерттеген ғалымдардың еңбектерін саралау болып табылады. Қазақ даласы туралы жазба деректер патшалық Ресейдің отарлау саясатына байланысты көбейе түсті. Патша шенеуніктерінің жазба деректері толық зерттеулерге, таза ғылыми еңбектерге жатпаса да зерттелініп отырған тақырыпқа қажетті мағлұматтар береді және де бұл еңбектердегі қазақ өмірі жайындағы деректердің библиографиялық мәні қазірге дейін жойылған жоқ.

Зерттеу материалдары мен әдістері. ҚР Орталық мемлекеттік мұрағаты, ҚР МӨМ Ұлттық кітапханасы, ҚР Орталық кітапханасы және т.б.

Тақырыпты жаңа көзқарас тұрғысынан саралауда қазіргі кезеңде қалыптасқан объективтік және сыни талдау мен сыни зерделеу принциптері басты ұстанымда болды. Мақаланың әдістемелік негізі – тарихилық және жүйелілік болып табылады. Сонымен бірге, локальдық этнографиялық зерттеудегі бірден-бір тиімді жолы ретінде проблемалық-хронологиялық, салыстырмалы-тарихилық тәсілдер де қарастырылды.

Тірек сөздер: этнос, ұлт, этнография, салт-дәстүр, киім, қолөнер.

Сілтеме жасау: М.Қ. Егізбаева. Тарбағатай қазақтарының зерттелуіне байланысты мәселелер//MUSEUM.KZ. 2023. №4 (4). 30-39 бб. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.04

ПРОБЛЕМЫ, СВЯЗАННЫЕ С ИССЛЕДОВАНИЯМИ КАЗАХОВ АЛТАЯ-ТАРБАГАТАЯ**М.К. Егизбаева**

Казахский национальный университет им. аль-Фараби

Аннотация. В статье рассматриваются проблемы исследования казахов Тарбагатая. Главная цель статьи – анализ трудов ученых, исследовавших культуру и быт казахов Восточного Казахстана. Письменные данные о казахской степи увеличились в связи с колониальной политикой царской России. Письменные материалы царских чиновников не относятся к полноценным исследованиям, научным трудам, но дают нам необходимые сведения об исследуемой теме, и библиографическое значение материалов о казахской жизни в этих трудах до сих пор не утратило свою научную значимость.

Материалы и методы исследования. В работе использованы фондовые материалы Центрального государственного архива РК, Национальной библиотеки Министерства образования и культуры РК, Центральной библиотеки РК и др. по истории и культуре казахов, рассмотренные с позиций дифференциации темы с точки зрения сформировавшихся в современный период новых принципов объективно-критического исследовательского анализа.

Методологической основой статьи стали историчность и системный подход. При этом проблемно-хронологические, сравнительно-исторические методы также использованы как эффективный способ этнографических исследований в изучении локальных культур.

Ключевые слова: этнос, нация, этнография, обычаи, одежда, ремесла.

Для цитирования: М.К. Егизбаева. Проблемы, связанные с исследованиями казахов Алтая-Тарбагатая//MUSEUM.KZ. 2023. №4 (4). С. 30-39. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.04

PROBLEMS RELATED TO RESEARCHES OF KAZAKH ALTAI-TARBAGATAYA

M.K. Egyzbaeva

Al Farabi Kazakh National University

Abstract. The article discusses the problems of research of Kazakhs Tarbagatai. The main goal of the article is to analyze the works of scientists who have studied the culture and life of Kazakhs in East Kazakhstan. The written data on the Kazakh steppe increased in volume in connection with the colonial policy of Tsarist Russia. The written materials of the tsarist officials do not belong to full-fledged research, scientific works, but they give us the necessary information about the topic under study, and the bibliographic value of materials about Kazakh life in these works has still not lost its scientific significance.

Materials and methods of research. The work uses the stock materials of the Central State Archive of the Republic of Kazakhstan, the National Library of the Ministry of Education and Culture of the Republic of Kazakhstan, the Central Library of the Republic of Kazakhstan, etc. on the history and culture of the Kazakhs, considered from the standpoint of differentiation of the topic from the point of view of the new principles of objective-critical research analysis that have emerged in the modern period.

The methodological basis of the article is historicity and a systematic approach. At the same time, problem-chronological, comparative-historical methods are also used as an effective method of ethnographic research in the study of local cultures.

Keywords: ethnicity, nation, ethnography, customs, clothing, crafts.

For citation: *M.K. Egyzbaeva.* Problems related to researches of kazakh Altai-Tarbagataya//MUSEUM.KZ. 2023. No4 (4). p.p. 30-39. DOI 10.59103/muzkz.2023.04.04

Кіріспе.

XVIII ғ. аяғында Семей, Өскемен төңірегінде қызмет бабымен ондаған жылдар бойы тұрған әскери инженер И.Г. Андреев сол маңдағы қазақ жұртшылығымен тығыз байланыста болуының нәтижесінде қазақ этнографиясы туралы өте құнды ғылыми еңбек қалдырды. И.Г. Андреев еңбегі негізінен Тарбағатай өңірі толығымен кіретін Қазақстанның солтүстік-шығысын мекендейтін Орта жүз қазақтарының өміріне байланысты жазылған. Оның «Описание Средней орды киргиз-кайсаков» [Андреев, 1998: 278] еңбегінің басты құндылығы – Сібір шебіне Ертіс бойынша және Горькая шебіне іргелес жатқан қазақ руларының орналасуын көрсетуі.

XIX ғасырдың бас кезіне жататын И. Сиверс пен И.П. Фальктың «Письмо из Сибири» деген еңбегінде де Шығыс Қазақстан қазақтарының өмір салты, тұрмыс-тіршілігіне байланысты деректер бар. И. Сиверс өзінің саяхатының барысында жол бойындағы әсіресе, Тарбағатай таулары, Боғас өзені бойында жайлап отырған қазақтарға байланысты көрген-білгендерін күнделік бетіне түсіріп отырған [Сиверс, Фальк, 1999: 136].

Қазақ халқын этнографиялық тұрғыдан зерттеуде Дербес Сібір корпусының бастығы, генерал-майор С.Б. Броневский де айтарлықтай із қалдырды. С.Б. Броневский Москва ауыл шаруашылығы қоғамы мен Ішкі істер министрлігі Азиялық департаментінің тапсырмасы бойынша өзінің қол астындағы офицерлердің көмегімен Қазақстан, оның ішінде Орта жүз қазақтарының ауыл-шаруашылығының жай-күйі мен дамуы туралы орасан зор материал жинады. Олардың бірқатары «Земледельческий журнал» бетінде жарияланды.

1829-1830 жж. С.Б. Броневский өзінің жұмысын аяқтап, оны Петербургте шығатын «Отечественные записки» журналында жариялайды. Онда зерттеуші Орта жүз қазақтарының өмір салты, әдет-ғұрыптары мен рухани мәдениеті туралы пікірлері мен тұжырымдары, көрген-білгендері, көкейге түйгендерін баяндайды [Броневский, 1830: 193-194].

1832 жылы С.Б. Броневскийдің осы журналда жарияланған «О первой оседлости и хлебопашестве киргизов во вновь образуемом Кокбектинском округе в Киргизской степи» атты мақаласы Көкпекті округі қазақтарының отырықшылыққа көшудегі алғашқы тәжірибелері қазақ диқандарының жер жыртуы туралы болды, сондай-ақ, этнографиялық мәліметтерге де толы. Бұл мақалада көптеген диқандардың есімдері аталған [Броневский, 1832: 89-91].

Аталмыш өңірде іссапармен болған Н.Д. Абрамовтың 1865 жылы жарық көрген «Киреевские киргизы Сибирского ведомства» атты мақаласы тікелей осы аймақтың қазақтарына байланысты еді. Бұл еңбекте автор олардың рулық құрамы, орналасуы, кәсібі жайлы нақты мәліметтер береді [Абрамов, 1865: 112-123].

Орыстың белгілі саяхатшысы Г.Н. Потанин өзінің еңбектері мен мақалаларында өңір қазақтарына байланысты құнды деректер қалдырған. Оның саяхаттарының нәтижесінде жазылған «Очерки Северо-Западной Монголии» атты еңбегінде келтірілген қазір мүлде беймәлім ғұрып ерекше көңіл аударарлықтай: ғалым алғаш күн күркірегенде қазақтар үй сыртынан шөмішпен айнала ұрып, оны босағаға есік жанына қойып, «саумалық-саумалық, құрдық па, құрмадық па, жақсылықты, ескі жыл шықты, жаңа жыл келді» - деп айтып, ырым жасайтынын, сондай-ақ күрішті төгуге, ысыраптауға болмайды, ол пайғамбардың тісінен қалған» - деген түсінік барын жазады [Потанин, 1881: 98]. Сондай-ақ Орыс географиялық қоғамы жазбаларында жарияланған «Поездка по Восточному Тарбағатаю» [Струве, Потанин, 1867: 65-73], «Путешествие по озеру Зайсан в южную область Черного Иртыша» [Струве, Потанин, 1867: 55-61] атты мақалалары да Тарбағатай қазақтарының рулық құрамы және орналасуы, мал шаруашылығымен айналысуы, үй кәсібі, қолөнер және аңшылық өнері, әдет-ғұрып, салт-дәстүрі жайлы мәліметтерге толы.

Сондай-ақ қарастырылып отырған өңір қазақтарының заттай және рухани мәдениеті туралы мәліметтер белгілі түрколог ғалым, түркі халықтарының этнографиясының білгірі В.В. Радловтың «Из Сибири» атты кітабында баяндалған [Радлов, 1989: 749].

Сонымен қатар белгілі ғалым Ш.Ш. Уәлихановтың еңбектерінде өңір қазақтарына байланысты мәліметтерді кездестіруге болады. Ғалым өзінің сапарында Тарбағатай өңірлерінде болып, сол жерлерді қоныстанып отырған қазақтардың ауылдарында болғанын жазып кеткен. Әсіресе, Ш.Ш. Уәлихановтың шығармалар жинағының [Валиханов, 1985: 416] және [Левшин, 1996: 655] томдарындағы мәліметтердің маңызы зор.

Жоғарыда аталған еңбектерден басқа орыстың мерзімді басылымдарында әдеби және әскери журналдарда қазақ халқының өмір-тіршілігіне байланысты мақалалар басылып тұрды. Солардың бірі П. деген атпен автордың «Обычаи киргизов Семипалатинской области» [П., 1878: 23-46] деген мақаласы Тарбағатай өңірі қазақтарының құда түсіп, қыз ұзату және үйленуге, бала тууға, өлік жөнелтуге байланысты әдет-ғұрыптарына тікелей байланысты жазылған. 1855 жылы «Северная пчела» журналында жарияланған К. Дужанның «Свадебные обряды у киргизов Кокбектинского округа» деген мақаласындағы құда түсіп, қыз ұзату және үйленуге байланысты әдет-ғұрыптар жөнінде көптеген қызықты деректер келтірілген [Дужин, 1855:16-18]. Бұл еңбектердің құндылығы сол - олар еңбектерін тікелей ел арасынан өздері жинаған мағлұматтар негізінде жазған.

Н.А. Аристов [Аристов, 1897: 486] қазақ жүздері мен рулары, олардың таңбалары, шығуына, санына байланысты мәліметтерді халық арасынан жинай отырып, құнды мағлұматтар тастады.

Сондай-ақ қазақ халқының мәдениеті мен тұрмысын терең зерттеген Орыс географиялық қоғамының Батыс Сібір бөлімі және осы бөлімнің Семей бөлімшесінің жазбаларында жарияланған мақалалар ішінде де Тарбағатай өңірі қазақтарына байланысты мақалалар біршама. Солардың бірі Г. Катанаевтың «Прииртышские казаки и киргизы Семипалатинского уезда в их домашней и хозяйственной обстановке» деген мақаласы [Катанаев, 1893: 79-85]. Бұл мақалада өңір қазақтарының заттай мәдениетіне, яғни баспанасына, киіміне, тағамына қатысты мағлұматтар келтірілген. Еңбек осы аймақты

мекендеп отырған қазақтардың заттай мәдениетін көршілес қазақ және орыс қоныстанушыларымен салыстырмалы түрде жазылған.

XIX ғасырдың аяғынан бастап шыға бастаған «Обзор Семипалатинской области» жинағының 1886 [Обзор Семипалатинской области на 1886 год, 1887: 87], [Обзор Семипалатинской области на 1887 год, 1888: 87], 1890 [Обзор Семипалатинской области на 1890 год, 1891: 87] жылдардағы басылымдарында және «Памятная книжка Семипалатинской области» жинақтарында да [Сборник статей по Семипалатинской области: 1899: 112] облыстың мал шаруашылығы, егін шаруашылығы, көші-қон жолдары, этникалық құрамы, қазақтардың мінез-құлқы жөніндегі мағлұматтарды көптеп кездестіруге болады.

XIX ғасырдың аяғы XX ғасырдың басында Семей өңірінде өмір сүріп қазақтардың өмір-тіршілігімен етене танысқан Н.Я. Коншин болды. Ол сол өңірдегі қазақтардың ауылдарын аралап, зерттеу жұмысын жазу барысында үлкен септігін тигізген деректерді жазып қалдырып кетті. Оның «Очерки экономического быта киргиз Семипалатинской области» деген еңбегі Тарбағатай өңірін жайлаған қазақтардың тұрғын-жайлары, шаруашылығына қатысты мағлұматтарға толы [Коншин, 1901: 9-19].

По Усть-Каменогорскому уезду» [Коншин, 1899: 51], «Краткий исторический очерк Семипалатинского края» [Коншин, 1923: 34-40], «К вопросу о переходе киргиз Семипалатинской области, в оседлое состояние» [Коншин, 1923: 41-47] және т.б. мақалалары өлкенің этнографиясы мәселелерін қамтыған. Ал Коншиннің «Записки о торговле с Западным Китаем и Западной Монголией и о мерах к ее развитию» [Коншин, 1926: 57-64] деген еңбегі Семей өңірінен өтетін сауда жолдары, тауарлардың құны, сауданың маңызы, қазақтардың саудаға араласуы жайында айтылған. Тарбағатай қазақтарының этнографиясын зерттеуде Н.Я. Коншиннің өзіндік орны ерекше. Бұл еңбектерде жергілікті қазақтардың әдет-ғұрпына, егін егу, шөп шабу тәсілдеріне, отырықшылыққа бет бұру үдерісіне айрықша мән береді.

Аталмыш өңір қазақтарының тұрмыс-салты мен мінез-құлқы және орналасуы туралы құнды мәлімет қалдырған 1903 жылы Қазақстан мен Қытай шекарасындағы Зайсаннан өтіп Қара Ертісті өрлей, одан әрі Өрмегейтіні асып, Батыс Моңғолияны аралап, қайтарында Қосағаш арқылы қайтқан Г.Е. Грумм-Гржимайло «Западная Монголия и Урянхайский край» атты үш томдық еңбек жазды. Осы кітаптың 2-ші кітабының III-томында абақ-керей, наймандардың тұрмыс-салт, әлеуметтік мәселелері жөнінде баяндайды [Грумм-Гржимайло, 1926:895]. Г.Е. Грумм-Гржимайло мәліметтерін Н.Б. Борнеман толықтырады [Борнеман, 1900: 29-35].

Шәкәрім Құдайбердіұлы [Құдайбердіұлы, 1992: 120] мен М. Тынышпаев [Тынышпаев, 1925:75], М.Ж. Көпеев [Көбейұлы, 1993: 76] еңбектерінен де өңір руларының орналасуы, санына байланысты мәліметтер алуға болады. Алайда бұл мәліметтер мұқият қаруды қажет етеді.

Сондай-ақ аталмыш өңір қазақтарының тұрмысына байланысты «Казакки» деген атпен шыққан КСРО Ғылым Академиясының С.И Руденко басшылығымен жүргізілген арнайы экспедициялық зерттеу комиссиясының материалдары жинағының бірнеше басылымдарында жарияланған мақалалардың орны ерекше.

Осы аталған жинақтағы 1927 жылы Семипалатинск губерниясы қазақтарының тұрмыс күйіне атап айтқанда, сумен, азық-түлікпен қамтамасыз ету жөнінде және тағамы мен киімдері санитарлық зерттеу жүргізген Н.А. Трофимуктың мақаласы ерекше. Еңбектің құндылығы сол, қазақтардың тамақтануындағы әлеуметтік айырмашылықты зерттей отырып, ғалым бай мен кедейдің күніне тұтынатын тағам мөлшерінің процентін есептеп шығарды [Трофимук, 1930: 163-202].

Бұдан кейінгі уақытта Шығыс Қазақстан қазақтарына байланысты аталған экспедициялық зерттеу комиссиясының материалдарында жарияланған С.И. Руденконың «Очерк быта северо-восточных казахов» еңбегі өлке қазақтарына (өмір-тіршілігі, үй-жайы,

киімі) қатысты ғылыми деректерінің құндылығымен және зерттелініп отырған өлке этнографиясын қамтығандығымен де назар аудартады. Аталмыш еңбекте Шығыс Қазақстан қазақтарының материалдық мәдениетіне, әсіресе баспанасы, киім-кешегі, тағамына айрықша мән берген [Руденко, 1930: 1-62].

Осы экспедиция зерттеулерінің мақалалар жинағында жарияланған Шығыс Қазақстан наймандарына байланысты Ә.Х. Марғұланның мақаласы да қызықты [Маргулан, 1930: 63-70].

Дәстүрлі тағамдар жүйесін зерттеуде ерекше атап өтетін еңбек – Ф.А. Фиельструптың сүт тағамдары жайлы мақаласы. Ол түркі-моңғол халқының сүттен дайындалатын тағам түрлерін әзірлеу, өңдеу тәсілдерін салыстыра отырып зерттеген алғашқы еңбек [Фиельструп, 1930: 71-85].

Ұлы Отан соғысынан кейінгі жылдарда қазақ этнографиясын зерттеу ісі едәуір қолға алына бастады. Қазақ ССР Ғылым Академиясының тарих, археология және этнография институтының этнография бөлімі қызметкерлерінің қазақтардың дәстүрлі және осы заманғы тұрмысын зерттеген еңбектерінде осы өңірдің қазақтары туралы деректер ұшыраса бастады.

Осындай мақсатпен құрамында ғылыми қызметкерлер Д. Рахметов және М. Уралов бар этнографиялық экспедиция 1946-1948 жж. аралығында Семей және Шығыс Қазақстан облыстарына зерттеулер жүргізді. Бұл экспедицияның жұмысы Қазақстандағы этнографиялық зерттеулердің бастамасы болды. М. Уралов пен Д. Рахметов Шығыс Қазақстанның Зайсан, Тарбағатай және Ақсуат аудандарында болды және экспедиция есебіне қарағанда қазақтардың мүлдем жоғалып кеткен киім түрлеріне байланысты құнды да қызықты этнографиялық материалдар жинаған. Өкінішке орай экспедиция нәтижелері жарияланбаған, архив сақталмаған [Қазақстандағы тарих ғылымы, 2004: 321].

Зерттеліп отырған өңір қазақтарына байланысты Х.А. Арғынбаевтың мақаласында шығыстағы қазақтардың дәстүрлі материалдық мәдениетінде орыстармен қатынас нәтижесінде пайда болған өзгерістер туралы баяндалған. Онда қазақтар арасындағы баспанасы, киімі, тағамындағы өзгерістер, керісінше орыс баспанасы, киімі, тағамына қазақтардың әсері айтылады. Мәселен, әсіресе қымыздың орыстар арасында көп тарағаны айтылады [Арғынбаев, 1959: 9-90].

М.С. Мұқанов пен В.В. Востровтың қазақ халқының және туыстас түркі халықтарының ру-тайпалық құрамы мен орналасуына қатысты монографиясы этникалық процесті зерттеуге қосатын елеулі үлес [Востров, Муканов, 1968: 255] және осы еңбекте олар ең алғаш рет қазақ халқының ХІХ-ХХ ғғ. басындағы ру-тайпалық құрылымдарының нақты орналасу аумағын картаға түсірді. Кейіннен М.С. Мұқанов тек Орта жүз қазақтарын қамтып жеке монография шығарды [Муканов, 1974: 200]. Осы зерттеуінде Орта жүз құрамына кірген тайпалардың тегі, әр кезеңдегі тағдыры мен этникалық тарихы, аймақтағы қазақтардың рулық құрамы, олардың әр кезеңдегі орын ауыстыруы сияқты мәселелерге егжей-тегжейлі тоқталған.

Х.А. Арғынбаев, М.С. Мұқанов, В.В. Востров сияқты ғалымдардың бірігіп жазған «Қазақ шежіресі хақында» деген еңбегі Орта жүз, оның ішінде қарастырылып отырған аймақ қазақтарының әр кезеңдегі орналасуы, этникалық құрамына байланысты құнды мәліметтерге толы [Арғынбаев, Мұқанов, Востров, 2000: 464].

Г.С. Нұрғалымованың «Шығыс Қазақстанның көне тарихы мен мәдениеті» деген еңбегінде осы өңірді мекен еткен тайпалар туралы мәліметтер келтіріліп, шығыс өңіріне түрлі мақсатпен келген елшіліктер мен экспедициялар деректері сараланады. Елді-мекен, жер-су атауларының тарихы баяндалады [Нұрғалымова, 2002: 116].

Зардыхан Қинаятұлы [Қинаятұлы, 2001: 208], Ислам Қабышұлы [Қабышұлы, 1978: 116] сияқты ғалымдардың еңбектерінде де зерттеліп отырған аймақты мекендеген қазақ тайпаларына байланысты мәліметтер кездеседі.

Шығыс Қазақстан қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптарына байланысты жазылған Д.Б. Ескекбаевтың мақаласы өңір қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары мен наным-сенімдеріне тікелей қатысты. Автор мақаланы өзі ел арасынан жинаған мәліметтер негізінде жазғандықтан бұл жұмыстың біз үшін маңызы зор [Ескекбаев, 2001: 51-58].

Тәуелсіздік жылдарында аймақтық этнография бойынша жазылған еңбектер қатарына У.С. Қыдыралиннің «Қазан төңкерісіне дейінгі Маңғыстау қазақтары (тарихи-этнологиялық зерттеу)» атты зерттеуі жатады [Қыдыралин, 1996: 446].

2004 ж. қорғалған Н.К. Байғабатованың Жетісу қазақтарының тарихи-этнографиясына қатысты диссертациясын айтуға болады. Онда XIX-XX ғғ. басындағы Жетісудағы рулардың этникалық тарихы, орналасуы, заттық және рухани мәдениеті, кәсібі туралы сирек әдебиеттер, архив және ғалымның жеке далалық деректері негізінде сараланған [Байғабатова, 2004: 164].

Соңғы жылдары да аймақтық этнографиядағы ізденістердің бірі – Т.Е. Қартаеваның Сыр өңірі қазақтарының тарихи-этнографиясына қатысты зерттеулері. Оның «Сыр өңірі қазақтары. Тарихи-этнографиялық зерттеу» [Қартаева, 2022: 512] еңбегінде Сыр өңірінің этностық құрамы, тарихи дәуірлерде орын алған миграциялық ағымдар, өңірге тән дәстүрлі шаруашылық, мерзімдік көші-қон, тарихи демографиясы, әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрі кешенді түрде қарастырылған.

Осындай зерттеуге Р.А. Бекназаровтың «Казахи Северного Приаралья в XIX – начале XX вв. (историко-этнографическое исследование)» атты монографиясын да жатқызуға болады [Бекназаров, 2010: 2010].

Қазіргі таңда қазақ этнографиясында шоқтығы биік еңбектердің бірі – ҚР Мемлекеттік орталық музейінің авторлық ұжымы жазған (жетекшісі – Нұрсан Әлімбаев) «Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі» [Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі, 2017] атты 5 томдық энциклопедиясы кешенді, іргелі зерттеулер нәтижесінде жарық көрген. Энциклопедия мазмұнын құрайтын дәстүрлі этнографиялық ұғымдар мен танымдар музей қызметкерлері мен авторлар ұжымының далалық этнографиялық зертеулері нәтижесінде жазылған. Еңбекте Қазақстан өңірлерінің аймақтық ерекшеліктеріне қатысты мәліметтер бар.

Тарбағатай өңірі қазақтарын зерттеуде мұрағат деректері ерекше маңызды орын алады. Атап айтқанда, Қазақстан Республикасы Орталық мемлекеттік мұрағатында, Семей, Өскемен облыстық мұрағаты және Ресейдің Омбы мемлекеттік мұрағаты қорларында сақталған. Олардың ішіндегі бастылары ҚР ОММ-дың бірнеше қорларында: 8-қор «Управление государственными имуществами в Акмолинской и Семиреченской областях», 15 қордағы – «Семипалатинское правление Министерства внутренних дел (1854-1919 гг.)»; 19 қор – «Заведующий переселенческим делом в Семипалатинском районе главного управления землеустройства и земледелия г. Верного Семиреченской области»; 64 қор – «Канцелярия Степного генерал-губернатора г. Омск»; сондай-ақ 338, 345, 369, 437 Омбы, Ақмола облыстық Ішкі істер басқармасының, Сібір қазақтары басқармасы, шекаралық басқарма, бекет-станциялар басқармасының іс-қызметіне қатысты мұрағат жазбалары Тарбағатай өңірін зерттеуде деректік арқау болады.

Сонымен қатар 1897 ж. жүргізілген санақ нәтижелерінің Семей облысына қатысты тұстары мен Ф. Щербина жетекшілігімен жинақталған 13 томдық «Материалы по киргизскому землепользованию» экспедициялық жинағындағы Зайсан және Өскемен уездеріне қатысты 8 және 9 томдарындағы және дәл сондай жолмен 1913 ж. жүрілген іс-науканның нәтижелері қамтылған 2, 3 томдардағы мәліметтердің деректік мәні үлкен. Оларда өңірдің табиғи-географиялық, жер жағдайы мен шаруашылығына, жерді пайдалануына, орналасуына байланысты деректер көптеп кездеседі.

Қорыта айтқанда, Тарбағатай өңірінің қазақтарының зерттелуін қарастыру мәселесі «XIX-XX ғ. басындағы Тарбағатай өңірінің қазақтары (тарихи-этнографиялық зерттеу)»

атты ғылыми жобаны орындауда, сондай-ақ, қазақ халқының локальдық топтарын зерделеуде маңызды орын алады. Сондықтан, аталмыш тақырып болашақта толық зерттеуді қажет етеді.

ӘДЕБИЕТ

Абрамов Н.Д. Киреевские киргизы Сибирского ведомства // Известия РГО. СПб., 1865. Т. 1. С.112-123.

Андреев И.Г. Описание Средней орды киргиз-кайсаков. Алматы: Ғылым, 1998. 278 с.

Аргынбаев Х.А. Историко-культурные связи русского и казахского народов и их влияние на материальную культуру казахов в середине XIX и нач. XX веков (По материалам Восточного Казахстана) // Труды ИИАЭ. Алматы, 1959. Т. 6. С.19-90.

Аристов Н.А. Заметки об этническом составе тюркских племен и народностей и сведения об их численности. СПб., 1897. 486 с.

Аргынбаев Х.А., Мұқанов М.С., Востров В.В. Қазақ шежіресі хақында. Алматы: Атамұра, 2000. 464 б.

Байғабатова Н.К. Казахи Жетысу во второй половине XIX – начале XX вв. (историко-этнографическое исследование): Дис. канд. ист. наук. Алматы, 2004. 164 с.

Борнеман Н. Очерки Тарбагатайского края // Сборник консульских донесений. 1900. Вып. III. С. 29-35.

Броневский С.П. Записки генерал-майора Броневского о киргиз-кайсаках Средней Орды // Отечественные записки. 1830. Ч. 2, кн. 2. С. 193-194.

Броневский С.П. О первой оседлости и хлебопашестве киргизов во вновь образуемом Кокбектинском округе в Киргизской степи // Земледельческий журнал. 1832. № 8. С. 89-91.

Валиханов Ч.Ч. Собр. соч.: в 5-ти томах. Т. 2. Алма-Ата, 1985. 416 с.

Востров В.В., Муқанов М.С. Родоплеменной состав и расселение казахов. Алма-Ата, 1968. 255 с.

Грум-Гржимайло Г.Е. Западная Монголия и Урянхайский край. Л., 1926. Т. 3. 895 с.

Дужин К. Свадебные обряды у киргизов Кокбектинского округа // Северная пчела. 1855. № 92. С.16-18.

Ескембаев Д.Б. Шығыс Қазақстан облысы қазақтарының отбасылық әдет-ғұрыптары // Қазақтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлері: өткендегісі мен бүгіні. Мақалалар жинағы. Алматы, 2001. 51-58 бб.

Катанаев Г. Прииртышские казаки и киргизы Семипалатинского уезда в их домашней и хозяйственной обстановке // Записки Зап.Сибирского отдела ИРГО. 1893. Кн. XV. С. 79-85.

Коншин Н.Я. Записки о торговле с Западным Китаем и Западной Монголией о мерах к ее развитию // Наше хозяйство. 1926. № 2. С. 57-64.

Коншин Н.Я. Краткий исторический очерк Семипалатинского края // Наше хозяйство. 1923. № 9. С. 34-40.

Коншин Н.Я. Очерки экономического быта киргиз Семипалатинской области // Памятная книжка Семипалатинской области на 1901 г. Семипалатинск, 1901. С. 9-19.

Коншин Н.Я. По Усть-Каменогорскому уезду. Путевые заметки. Семипалатинск, 1899. 51 с.

Коншин Н.Я. К вопросу о переходе киргиз Семипалатинской области в оседлое состояние // Наше хозяйство. 1923. № 10. С.41- 47.

Көбейұлы М.Ж. Қазақ шежіресі. Алматы, 1993. 76 б.

Левшин А.И. Описание киргиз-кайсацких орд и степей. Алматы: Санат, 1996. 655 с.

Маргулан А.Х. Найманы // Казаки: Сборник статей. Л., 1930. Вып. XV. С. 63-70.

- Муқанов М.С.* Этнический состав и расселение казахов Среднего жуза. Алма-Ата: Наука, 1974. 200 с.
- Нұрғалымова Г.С.* Шығыс Қазақстанның көне тарихы мен мәдениеті. Алматы: “Арыс” баспасы, 2002. 116 б.
- Обзор Семипалатинской области на 1886 год. Семипалатинск, 1887. 87 с.
- Обзор Семипалатинской области на 1887 год. Семипалатинск, 1888. 87 с.
- Обзор Семипалатинской области на 1890 год. Семипалатинск, 1891. 87 с.
- П.* Обычай казахов Семипалатинской области // Русский вестник. 1878. № 9. С.23-46 .
- Потанин Г.Н.* Очерки Северо-Западной Монголии. СПб., 1881. Вып.2. 181 с.
- Радлов В.В.* Из Сибири: страницы дневника. М.: Наука, 1989. 749 с.
- Руденко С.И.* Очерк быта северо-восточных казаков // Казаки: Сборник статей. Л., 1930. Вып. XV. С. 1-62.
- Сборник статей по Семипалатинской области (Из памятных книжек на 1897-99). Семипалатинск, 1899. 112 с.
- Сиверс И., Фальк И.П.* Письма из Сибири. Алматы: Ғылым, 1999. 136 с.
- Струве К., Потанин Г.* Поездка по восточному Тарбагатаю // Записки ИРГО. СПб., 1867. Т. 1. С. 65-73.
- Струве К., Потанин Н.* Путешествие на озеро Зайсан и речную область Черного Иртыша // Записки РГО по общей географии. СПб., 1867. Т. 1. С. 55-61.
- Трофимук Н.А.* Санитарный очерк обследования, питания, жилища и одежды жителей Казахстана // Казаки: Сборник статей. Л., 1930. Вып. XV. С. 163-202.
- Тынышпаев М.* Материалы к истории киргиз-казакского народа. Ташкент, 1925. 75 с.
- Фиельструп Ф.А.* Молочные продукты питания турков-кочевников // Казаки: Сборник статей. Л., 1930. Вып. XV. С.71-85.
- Қабышұлы И.* Керейлер керуені: тарихи монографиялық қысқаша шолу. Өлгий, 1978. 116 б.
- Қазақстандағы тарих ғылымы. Алматы, 2004. 321 б.
- Қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесі. 1-5 т. Алматы: «Әлем. Даму. Интеграция», 2017.
- Қартаева Т.Е.* Сыр-Арал этнографиясы. Алматы: Қазақ кітабы, 2022. 512 б.
- Қинаятұлы З.* Моңғол үстіртін мекен еткен соңғы түркі тайпалары. IX-XII ғасыр. Астана: Елорда, 2001. 208 б.
- Қыдыралын У.С.* Қазан төңкерісіне дейінгі Маңғыстау қазақтары (тарихи-этнологиялық зерттеу): Тарих ғыл. д-ры дис. Алматы, 1996. 446 б.
- Құдайбердіұлы Ш.* Түрік, қазақ һәм хандар шежіресі. Алматы: Дастан, 1992. 120 б.

REFERENCES

- Abramov N.D.* Kireevskie kirgizy Sibirskogo vedomostva // Izvestiya RGO. SPb., 1865. Vol. 1, pp. 112-123. (In Russian)
- Andreev I.G.* Opisanie Srednei ordy kirgiz-kaisakov. Almaty: Gylym, 1998. 278 p. (In Russian)
- Argynbaev H.A.* Istoriko-kulturnye svyazi russkogo i kazahskogo narodov i ih vliyanie na materialnuyu kulturu kazahov v seredine XIX i nach. XX vekov (Po materialam Vostochnogo Kazahstana) // Trudy IIAE. Almaty, 1959. Vol. 6, pp. 19-90. (In Russian)
- Aristov N.A.* Zametki ob etnicheskom sostave tyurkskih plemen i narodnostei i svedeniya ob ih chilennosti. SPb., 1897. 486 p. (In Russian)
- Argynbaev H.A., Muqanov M.S., Vostrov V.V.* Qazaq shejiresi haqynda. Almaty: Atamura, 2000. 464 p. (In Russian)
- Baigabatova N.K.* Kazahi Jetysu vo vtoroi polovine XIX – nachale XX vv. (istoriko-etnograficheskoe issledovanie): Dis. kand. ist. nauk. Almaty, 2004. 164 p. (In Russian)

- Borneman N.* Oчерки Tarbagataiskogo kraя // Sbornik konsulskih donesenii. 1900. Iss. III, pp. 29-35. (In Russian)
- Bronevskii S.P.* Zapiski general-maiora Bronevskogo o kirgiz-kaisakah Srednei Ordy // Otechestvennye zapiski. 1830. P. 2, b. 2, pp. 193-194. (In Russian)
- Bronevskii S.P.* O pervoi osedlosti i hlebopashestve kirgizov vo vnov obrazuemom Kokbektinskom okruge v Kirgizskoi stepi // Zemledelcheskii jurnal. 1832. № 8, pp. 89-91. (In Russian)
- Valihanov Ch.Ch.* Sobr. soch.: v 5-ti tomah. Vol. 2. Alma-Ata, 1985. 416 p. (In Russian)
- Vostrov V.V., Mukanov M.S.* Rodoplemennoi sostav i rasselenie kazahov. Alma-Ata, 1968. 255 p. (In Russian)
- Grumm-Grjmailo G.E.* Zapadnaya Mongoliya i Uryanhaiskii krai. L., 1926. Vol. 3. 895 p. (In Russian)
- Dujin K.* Svadebnye obryady u kirgizov Kokbektinskogo okruga // Severnaya pchela. 1855. № 92, pp. 16-18. (In Russian)
- Eskekbayev D.B.* Shygys Qazaqstan oblysy qazaqtarynyn otbasylyq adet-guryptary // Qazaqtyn adet-guryptary men salt-dasturları: otkendegisi men bugını. Maqalalar jinagy. Almaty, 2001, pp. 51-58. (In Kazakh)
- Katanaev G.* Priirtyshskie kazaki i kirgizy Semipalatinskogo uezda v ih domashnei i hozyaistvennoi obstanovke // Zapiski Zap.Sibirskogo otdela IRGO. 1893. B. XV, pp. 79-85. (In Russian)
- Konshin N.Ya.* Zapiski o torgovle s Zapadnym Kitaem i Zapadnoi Mongoliei o merah k ee razvitiyu // Nashe hozyaistvo. 1926. № 2, pp. 57-64. (In Russian)
- Konshin N.Ya.* Kratkii istoricheskii oчерk Semipalatinskogo kraя // Nashe hozyaistvo. 1923. № 9, pp. 34-40. (In Russian)
- Konshin N.Ya.* Oчерki ekonomicheskogo byta kirgiz Semipalatinskoi oblasti // Pamyatnaya knijka Semipalatinskoi oblasti na 1901 g. Semipalatinsk, 1901, pp. 9-19. (In Russian)
- Konshin N.Ya.* Po Ust-Kamenogorskому uezdu. Putevye zametki. Semipalatinsk, 1899. 51 p. (In Russian)
- Konshin N.Ya.* K voprosu o perehode kirgiz Semipalatinskoi oblasti v osedloe sostoyanie // Nashe hozyaistvo. 1923. № 10, pp. 41- 47. (In Russian)
- Kobeiuly M.J.* Qazaq shejiresi. Almaty, 1993. 76 p. (In Kazakh)
- Levshin A.I.* Opisanie kirgiz-kaisakskih ord i stepei. Almaty: Sanat, 1996. 655 p. (In Russian)
- Margulan A.H.* Naimany // Kazaki: Sbornik statei. L., 1930. Iss. XV, pp. 63-70. (In Russian)
- Mukanov M.S.* Etnicheskii sostav i rasselenie kazahov Srednego juza. Alma-Ata: Nauka, 1974. 200 p.
- Nurgalymova G.S.* Shygys Qazaqstannyn kone tarihy men madenieti. Almaty: “Arys” baspasy, 2002. 116 p. (In Kazakh)
- Obzor Semipalatinskoi oblasti na 1886 god. Semipalatinsk, 1887. 87 s.
- Obzor Semipalatinskoi oblasti na 1887 god. Semipalatinsk, 1888. 87 s.
- Obzor Semipalatinskoi oblasti na 1890 god. Semipalatinsk, 1891. 87 s.
- P. Obychai kazahov Semipalatinskoi oblasti // Russkii vestnik. 1878. № 9, pp. 23-46. (In Russian)
- Potanin G.N.* Oчерки Severo-Zapadnoi Mongolii. SPb., 1881. Iss. 2. 181 p. (In Russian)
- Radlov V.V.* Iz Sibiri: stranitsy dnevnika. M.: Nauka, 1989. 749 p. (In Russian)
- Rudenko S.I.* Oчерk byta severo-vostochnyh kazakov // Kazaki: Sbornik statei. L., 1930. Iss. XV, pp. 1-62. (In Russian)
- Sbornik statei po Semipalatinskoi oblasti (Iz pamyatnyh knijek na 1897-99). Semipalatinsk, 1899. 112 p. (In Russian)
- Sivers I., Falk I.P.* Pisma iz Sibiri. Almaty: Gylym, 1999. 136 p. (In Russian)

Struve K., Potanin G. Poezdka po vostochnomu Tarbagatayu // Zapiski IRGO. SPb., 1867. Vol. 1, pp. 65-73.

Struve K., Potanin N. Puteshestvie na ozero Zaisan i rechnuyu oblast Chernogo Irtysha // Zapiski RGO po obshchei geografii. SPb., 1867. Vol. 1, pp. 55-61. (In Russian)

Trofimuk N.A. Sanitarnyi ocherk obsledovaniya, pitaniya, jilisha i odejdy jitelei Kazahstana // Kazaki: Sbornik statei. L., 1930. Iss. XV, pp. 163-202. (In Russian)

Tynyshpaev M. Materialy k istorii kirgiz-kazakskogo naroda. Tashkent, 1925. 75 p. (In Russian)

Fielstrup F.A. Molochnye produkty pitaniya turkov-kochevnikov // Kazaki: Sbornik statei. L., 1930. Iss. XV, pp. 71-85. (In Russian)

Qabyshuly I. Kereiler kerueni: tarihi monografiyalyq qysqasha sholu. Olgii, 1978. 116 p. (In Kazakh)

Qazaqstandagy tarih gylymy. Almaty, 2004. 321 p. (In Kazakh)

Qazaqtyn etnografiyalyq kategoriyalar, ugymdar men ataularynyn dasturlı juiesı. 1-5 v. Almaty: «Alem. Damu. Integratsiya», 2017. (In Kazakh)

Qartaeva T.E. Syr-Aral etnografiyasi. Almaty: Qazaq kitabı, 2022. 512 p.

Qinayatuly Z. Mongol ustirtin meken etken songy turki taipalary. IX-XII gasyr. Astana: Elorda, 2001. 208 p. (In Kazakh)

Qydyralin U.S. Qazan tonkerisine deingı Mangystau qazaqtary (tarihi-etnologiyalyq zertteu): Tarih gyl. d-ry dis. Almaty, 1996. 446 p. (In Kazakh)

Qudaiberdiuly Sh. Turik, qazaq häm handar shejiresi. Almaty: Dastan, 1992. 120 p. (In Kazakh)

Сведения об авторе: Егизбаева Меруерт Карпыковна – Ассоциированный профессор Кафедры археологии, этнологии и музеологии Казахского национального университета им. Аль-Фараби (050040, проспект Аль-Фараби 71, Алматы, Казахстан), <https://orcid.org/0000-0002-3338-291X>. E-mail: egyzbaevamk@gmail.com

Автор туралы мәлімет: Егизбаева Меруерт Қарпыққызы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, археология, этнология және музеология кафедрасының доценті (050040, әл-Фараби даңғылы, 71, Алматы, Қазақстан), <https://orcid.org/0000-0002-3338-291X>. E-mail: egyzbaevamk@gmail.com

Information about the author: Meruyert K. Yegizbayeva – Associate Professor Department of Archeology, Ethnology and Museology Al-Farabi Kazakh National University (050040, Al-Farabi Avenue 71, Almaty, Kazakhstan), <https://orcid.org/0000-0002-3338-291X>. E-mail: egyzbaevamk@gmail.com